

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 3, Number 39 (2017), 77 – 80

**G. Boltayeva, Zh. Shayakhmet**

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

**DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF STUDENTS  
AT FOREIGN LANGUAGE LESSONS USING  
INFORMATION TECHNOLOGIES**

**Abstract.** The main purpose of a sovereign republic is to enter the number of the civilized countries in the achievement of comprehensive development of civilization, spiritually rich person has a special place in our country. The main purpose of the comprehensive development of modern education is the spiritual formation of the personality. The improvement of the educational process of modern society in accordance with the needs of individual students on the formation of the English language and effective using of information and communication technologies. The tendency to novelty is a physiological phenomenon.

Information and communication technologies in the educational process are based in the use of computer, electronic textbooks, interactive whiteboards, computer training programs.

**Keywords:** information and communication technologies, trilingual language, multimedia, geopolitics, illustrative methods, innovational processes.

ӘОЖ 811. 111: 004

**Г. А. Болтаева, Ж. Ж. Шаяхмет**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ  
ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ**

**Аннотация.** Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай ағылшын тілін меңгерген жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша студенттерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Адамның үнемі ізденіске, жаңалыққа ұмтылуы ол физиологиялық құбылыс.

Ақпараттық-коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

**Түйін сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технология, үштұғырлы тіл, мультимедиа, геополитика, иллюстрациялық әдістер, инновациялық үрдістер.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың тұжырымдамасы біліктілігі әлемдік стандарт талабына сай кәсіби мамандарды дайындаудың сапалы әдістерін жаңартуға бағытталып отыр. Осы орайда көптілді білім беруге басым көңіл бөлінуде. Өйткені еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай қоғамдағы тіл оқытуды жүзеге асыруды талап етеді. Елдің және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен Елбасы Н. Назарбаевтың

«Жаңа Қазақстан – жаңа әлемде» атты жолдауында ұсынған «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасына сәйкес үш тілді дамытуды жүзеге асыру қажеттілігі туды: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – ғаламдық экономиканың сәтті интеграциясының тілі.

Алдағы уақыттағы еліміздің стратегиялық бағдарламасындағы “Бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына ену” жолдарының бастауы да білім беруден басталатыны анық. Нарық заманы білім саласы мен оқытушыларға үлкен міндеттер қоюда. Бүгінгі таңдағы оқытушылардың міндеті – жас ұрпаққа сапалы білім және саналы тәрбие берумен қатар, ХХІ ғасыр заман талабына сай білімді, білікті маман иелерін даярлау, сонымен қатар нарық заманының бәсекесіне түсе алатын, түскен ортасында өзінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көрсете алатын адал азаматтарды тәрбиелеу.

Егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына төрағалық етуі, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы ағылшын тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Тіл-тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады.

Осылардың бәрін студенттерге танытып, бойларына сіңіру үшін бүгінгі күннің ағылшын тілі оқытушыларының еншісінде. Яғни тілді студенттеріне оқыту – негізгі мәселелерді шешудің басты тетігі. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі жаңа педагогикалық технологиялардың туындауы да осының дәлелі. Осыны басшылыққа ала отырып тілді үйретуді қалай тиімді, әрі оңтайлы үйрете отырып, келешек ұрпақтың үштұғырлы тілде шығармашылық қабілеттерін дамытуды оңтайлы жүргізу жолы. Ол, әрине ХХІ ғасырдың үлкен жетістігі ақпараттық технология құралдарымен етене байланысты.

Сондықтан ағылшын тілін оқытып қана қоймай, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту деген өзекті тақырыпты алып, мәселенің шешілуі жолы ақпараттық технологияларды қолдану деген тұжырымға жетелейді. Ақпараттық технология - өзінің мәнділігі жөнінен өте әділ де шындыққа негізделген үрдіс. ХХІ ғасыр әрбір адамның өз мүмкіндігінше білімін пайдалануға кең өріс ашқан технология құралдарымен жұмыс істеуге мол мүмкіндік туғызған ғасыр болып отыр.

Қашанда ертеңгі іс бүгіннен бастау алары ақиқат. Ол үшін студентті оқи білуге, оқығанын көңіліне тоқи білуге қалыптастыру және ондағы заңдылықтарды меңгеру мен дағдыларды бойына сіңіру, үйрету болып табылады.

“Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет”- деп ел Президенті атап көрсеткендей, ағылшын тілінен ақпаратты-қатынастық технологияларды қолдана отырып сабақ беру – жаңа білім берудің бірден-бір шарты. Ағылшын тілін оқытудағы жалпы мақсат – студенттерге ағылшын тілінің көркемдігін, лексикалық байлығын таныту, жас ұрпақтың бойына мемлекетіміздің үштұғырлы ел екендігімізді дарыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру ісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу міндетін қояды.

Білім мазмұнын жүзеге асыру үшін дәстүрлі оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдерін түбегейлі өзгерту негізгі мәселенің бірі болады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес студенттерді тұрмыстық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады.

Бірақ ақпараттық технологияларды дамыту мен оларды пайдалану тек алдыңғы қатарлы техникалық деңгейді талап етіп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдануға қажет білім мен оны қолдану аясын, яғни қоғамның интеллектуалдық потенциалы болуын керек етеді. Мұндай талап алдымен білім беру жүйесін күшейтуді қажет етін, оның қоғамдағы рөлін міндетті түрде жоғары дәрежеге көтереді.

Оқыту үрдісіндегі студенттің белсенділігі дидактиканың негізгі талаптарының біріне саналады. Студенттердің мұндай белсенділігі мақсатты бағытталған басқарушылық педагогикалық іс-

әрекеттердің және сабақтарда қолданылатын педагогикалық технологиялардың тікелей салдарынан келін туындайды.

Ақпаратты-қатынастық технология көптеген оқу бағдарламаларының тууына, дамуына ықпал етеді. Ағылшын тілін оқыту – студенттердің алтын уақытыңды орынды пайдаланып, оларға тың мағлұмат, тың дүние беру – жаңа технологиялардың, АТ-ның жетістігі. Сабақтарда аталған технологияларды қолдану диапазоны шексіз және оқытушының арнайы дайындығын қажет етеді. Мысалы, бейтаныс мәтінді мультимедиа бағдарламасы арқылы тыңдау мәнерлеп оқытуды, эстетикалық тәрбиені қалыптастырып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерінің дамуына да молынан әсерін тигізеді. Сабақ барысында өтілген тақырып бойынша шығарманы талдау барысында өз ойларын ғана білдіріп қана қоймай, эссе, шығарма т.б жазуға дағдыландыру да барынша студенттердің шығармашылық дамытуға әсері ерекше.

Онда студенттерге АТ-ны пайдалану арқылы білім бере отырып, электрондық оқулықтармен оқыту жүйесінің пән сапасын арттырумен қатар басқа да тиімді жақтары өте зор. Студент білімі компьютерлік жүйе арқылы бағаланып, иллюстрациялық әдістер көп қолданылып, берілген тапсырмаға деген қызығушылық артып, әр студент өзінің шығармашылық қабілетін ұштай түсуге де мүмкіндік тугызады.

Студенттердің оқытушының басшылығымен және ақпаратты құралдар арқылы ағылшын тілі сабағында шығармашылық қабілеттерінің дамуын басқару мен оны тиімді нәтижелерге жеткізуді ұйымдастыру үшін мына бағыттар анықталуы тиіс:

– компьютерге енетін ағылшын тілі материалдарын қолданылатын әр топ студенттердің жеке жас ерекшеліктері;

– ақпараттық технологиялар арқылы жұмыс жасау режимдері мен нәтижелерін тексеру және бақылау барысының психофизиологиялық ерекшеліктері; мәтінге байланысты тапсырмалар мен жаттығулардың, жұмыс түрлерінің сатылай өсе отырып орындауын оқытушының басқару ерекшеліктері;

– компьютермен студенттің тапсырмаларды орындауын аудиторияда және үйде өз бетімен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың психофизиологиялық ерекшеліктері және т.б.

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім беру барысында студенттің зейіні, есі, қиялы, ойы мен тіл байлығы артып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпалын молынан тигізеді. Ақпараттық технологиялар арқылы студенттерге ағылшын тілін оқыта отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды ескеруде, жан-жақты ерекшеліктерін қарастырған орынды.

Ал білім беру стандарттарын жүзеге асырудағы инновациялық үрдістің қажеттілігі мына себептерге байланысты:

1. Сапа менеджменті жүйесі терең, тиянақты білім беруді талап етуіне орай озық технологияларды пайдалануды, оқытуда зерттеушілік, шығармашылық педагогикалық қызмет сипатын қажет етеді.

2. Білім беру мақсатына сай жеке бағдарлы қазіргі заманғы педагогикалық қызметті ұйымдастыру, ізгіліктік тәсілдеме жасау білім беруге қатысушылардың дамуын жүзеге асырып, инновациялық үрдістерге себепкер болады және сапалы жаңа білімді қалыптастыруға ықпал жасайды.

3. Педагогикалық шығармашылықтың құрамды бөлігі есебінде жеке инновациялық қызмет педагогтің кәсібі өсуіне, тұрақты өзін-өзі жетілдіруін, озық тәжірибелерді зерделеп игеруін қамтамасыз етін, шығармашылық жауапкершілік сезімін арттырады.

4. Білім берудің сапалануы бәсекелестікке лайықты болуы педагогикалық әлемде жаңа құндылықтарды қалыптастырып, қарым-қатынастың жаңа жетілдірілген мәдениетін игертеді.

5. Инновациялық үрдістер білім беруді сапаландырудың тасымалдаушы құрылымы ретінде педагогикалық саналық пен белсенділікті қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек еткізуге жеткізеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл бағыт оқу – тәрбие үрдісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне көтеруді көздейді.

Ақпараттық технологияны қолдану мұғалім үшін тиімді.

1. Студенттердің білімін қысқа уақытта бағалай алады;

2. Білім сапасын арттыра алады;
3. Студенттердің білімін кез келген уақытта бағалай алады.
4. Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғыза отырып, оқуға деген қызығушылығын арттырады;
5. Көрнекті түрде тапсырмаларды орындай алады;
6. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі;
7. Уақытты үнемдейді;
8. Қайталау мүмкіндігін кеңейтеді;
9. Орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес жаңа білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады.

Қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне лайықты болу керек. Қазақтың бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде дейтін болсақ, жас ұрпаққа білім беру ісінде әлемдік стандартқа сәйкес білім беруді нық ұстау қажет.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Послание Президента РК Н. А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире».
- [2] Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – М., 2001. – № 3. – С. 3-9.
- [3] Тевс Д.П., Подковырова В.Н., Аполских Е.И., Афонина М.В. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: Учебно-методическое пособие. – Барнаул: БГПУ, 2006. – 250 с.
- [4] Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учебное пособие. – М., 2012. – 192 с.

#### REFERENCES

- [1] Poslanie Prezidenta RK N. A. Nazarbaeva «Novyj Kazahstan v novom mire».
- [2] Polat E.S. Internet na urokah inostrannogo jazyka // Inostrannye jazyki v shkole. M., 2001. N 3. P. 3-9.
- [3] Tevs D.P., Podkovyrova V.N., Apol'skih E.I., Afonina M.V. Ispol'zovanie sovremennyh informacionnyh i kommunikacionnyh tehnologij v uchebnom processe: Uchebno-metodicheskoe posobie. Barnaul: BGPU, 2006. 250 p.
- [4] Zaharova I.G. Informacionnye tehnologii v obrazovanii: Uchebnoe posobie. M., 2012. 192 s.

Г. А. Болтаева, Ж. Ж. Шаяхмет

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

#### РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

**Аннотация.** Основная цель суверенной республики войти в ряд цивилизованных стран в достижении всестороннего развития цивилизации, духовно богатый человек имеет особое место. Главной целью всестороннего развития современного образования является духовное становление личности. Таким образом, совершенствование учебного процесса современного общества в соответствии с потребностями отдельных студентов по вопросу формирования английского языка является повышение эффективности использования информационных и коммуникативных технологий. Стремление к новизне – это физиологическое явление.

Информационные и коммуникативных технологии в образовательном процессе основаны в использовании компьютера, электронных учебников, интерактивной доски, компьютерных программ обучения.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникативная технология, три язычие, мультимедиа, геополитика, иллюстративные методы, инновационные процессы.